



А.Иманов

МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЮ ОДАН ӘРІ ЖАЛҒАСТЫ



2016 жылдың 6 тамызы күні аудан әкімі аппаратының мәжіліс залында Аманкелді ауданында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығын дайындау мен атап өтудің жоспарын іске асыру барысына арналған меморандумға қол қою рәсімі одан әрі жалғасты.

Салтанатты мәжілісті аудан әкімі Н.Қ.Өтегенов кіріспе сөз сөйлеп ашып, Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы мен ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығын ойдағыдай атап өтуге байланысты батыр ата атындағы өңір халқының алдында тұрған маңызды міндеттерге кеңінен тоқталды.

Мұнан соң «Ержан» және «ЕРАХ» шаруа қожалықтарының жетекшісі Сабыржан Ахметұлы алғашқы шаруашылық бойынша 360 000 теңгеге, «ЕРАХ» шаруашылығы бойынша 660 000 теңгеге, барлығы 1 020 000 теңгеге меморандумға қол қойды.

Сол секілді, «Серик», «А-Жанкелді», «Нұрмед» шаруа қожалықтары бойынша барлығы 988 200 теңгеге аталмыш шаруашылықтардың төрағасы Серикбай Серикович Оразиев меморандумға қол қойды.

Келесі кезекте «Асар» шаруа қожалығы бойынша 280



500 теңгеге қожалық төрағасы Тұрғын Токтарұлы Мақтағанов қол қойды.

Осы цифрларға қарап отырып, кейбіреулер біреуінікі неге көп, біреуінікі неге аз деп пікір білдіруі мүмкін. Мәселе кәсіпкер-дихандардың, шаруа қожалықтары төрағаларының экономикалық жағдайына байланысты болып тұр. Яғни, біреулердің егістік жер көлемі көп, енді біреулерінікі аз. Бірақ соған қарамастан дәулетіміз аз екен деп қарап қалмай, 100 жылдықты атап өтуге көңілдерін көрсетіп жатқан шағын шаруа қожалықтардың төрағаларына жұртшылық дән риза. Аудандағы барлық шаруа қожалықтарының



жағдайын ескеріп, меморандумға өз мөлшерлеріне сай қол қоюлары - жетістік деп білеміз!

Атамыз қазақ «Көрпеңе қарай көсіл» деп бекер айтпаған. Экономикалық жағдайы мол кәсіпкерлер мол береді. Ал шағын шаруашылықтардың басшылары өз деңгейінде көмек қолын созады. Мәселе осында. Шет қалмауда. Бұл ретте меморандумға қол қойған ауданымыздың барлық шағын шаруа қожалықтарының төрағаларының бастамасына аудан халқы ризалықтарын білдіріп келеді. Бүгінгі қол қою рәсімі соның бірі болды.

Бұл күні аудан бойынша 2 288 700 теңгеге меморандумға қол қойылды. Қол қоюшылар көрсетілген қаражатты таяу арада аударуға уәде берді.

Салтанатты рәсімде С.Ахметұлы сөз сөйлеп, ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығын және Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығын лайықты атап өту - аудан халқының баршасының міндеті екенін айтып, жақсы бастамаға сәттілік тіледі.

Меморандумға қол қою рәсімін аудан әкімі Н.Қ.Өтегенов қорытындылады.

Өз тілшіміз.

Суреттерде меморандумға қол қояудан көріністер.

Селомыз сәнді, көшеміз көрікті, ауламыз ажарлы болсын!

МЕКЕМЕ, КӘСІПОРЫН БАСШЫЛАРЫНЫҢ СЕНЫЛІГІ ӨТТІ

2016 жылдың 10 тамызы күні сағат 14-те аудан мекеме, кәсіпорын басшылары арнайы күл-қокыс төгетін жерде сенбілік жасады.

Сенбілікке аудан әкімі Н.Қ.Өтегеновтің өзі де қатысып, мекеме басшыларымен бірге күл-қокыс алаңында іс-шара аяқталғанша жұмыс жасады.

Сенбілікке қатысушылар бұл күні күл-қокыс алаңын шашылған түрлі қоқыстар мен қағаздардан, целлофондардан, түрлі лас заттардан тазалады. Топ-топқа бөлінген олар өздеріне бекітіліп берілген учаскеде төгілген, шашылған көптеген заттарды ерінбей жинап, тазалап, жақсы жұмыс жасады. Атап айтсақ мекеме басшысы Бекзат Шекеров бастаған шағын топ күл-қокыс төгетін орынның маңайында жиналып қалған неше түрлі заттарды ерінбей-жалықпай жинап, арнайы орынға апарып төкті. Бірде-бір артық күл қалмады. Барлығында жылдан жалағандай етіп жинай білді. Нәтижесінде сол маңай мұнтаздай



тап-таза болды. Әрине, басқа мекеме басшылары да еңбектің жақсы үлгісін көрсете білді.

Мекеме, кәсіпорын басшылары ешқайсысы аянып қалмады. Аудандық «Аман Су» коммуналдық кәсіпорнынан

бөлінген техникаға барлық қоқыстарды тиіп, тиісті орындарға төкті.

Сенбілік барысында оған қатысушы мекеме, кәсіпорын басшылары алдағы уақытта мұндай берекесіздіктен арылуға байла-



нысты өздерінің ұсыныстарын білдірді. Ең бастысы әрбір село тұрғыны қырағы болуы керек. Күл-қокысты көрінген жерге төккендерді көріп қалса, оларға ескерту жасап, көнбесе тиісті орындарға хабарлаған абзал. Оған Аманкелді селосында тұратын әрбір адам ат салысуы керек. Сонымен қатар, мекеме, кәсіпорын

басшылары қырағылық танытып, келеңсіздікке жол бергендермен түсінік жұмыстарын жүргізсе, берекесіздіктің беті қайтар еді.

Қалай болғанда да тазалық мәселесін сақтауға көп болып атсалысуымыз керек.

Сондықтан әр тұрғын тазалықты сақтауға әрдайым маңыз беру керек.

Суреттерде: селода өткен сенбіліктерден көріністер.

АҚЖАРМА АҚСАҚАЛ



Ауданымызда кісілік қалпын сақтап, жақсы қартайып келе жатқан ақсақалдарымыз аз емес. Солардың бірі - кезінде ұзақ жыл төрт түліктің төресі жылқы баққан қарапайым еңбек адамы Тұрғын Мұқанұлы ағамыз.

Түрекең колхоз кезінде Жыланшықта жылқы бағып, жүйріктің құлағында ойнап өскен. Әдетте екінін бірі жылқы баға алмайтыны белгілі. Түрекең болса жап-жас кезінен бастап жылқы бағып, оның қыры мен сырын жетік меңгерген.

- Жас кезіміз ғой. Онда атпен бармайтын жеріміз, баспайтын тауымыз болмайтын. Торғай даласын түгел шарлап шықтым. Ақтөбе мен Ұлытауға да бардым. Көп жылқы болғасын жоғалмай тұрмайды. Іздеуімізге тура келеді. Жасы үлкен жылқышылар маған:

- Ал Тұрғынжан, біз алысқа бара алмаймыз. Жоқ жылқыны сен іздеп, тауып әкел! - деп батасын беріп шығарып салатын.

Талай рет Ұлытаудан, Торғайдың Ақкөлі мен Ызбанынан, Ақтөбе облысының Ырғызы мен Қарабұтағынан жоғалған жылқымызды тауып, айдап келгенімде аға жылқышылар «Қарағым, Тұрғын! Осы бетіңнен тайма!» деп батасын беруші еді. Әуелі Алла ғой, сосын сол қарт жылқышылардың батасы шығар, көзді ашып-жұмғанша мен де 80-

ге келіп отырмын. Осы жасым ішінде Аллаға, сосын өзіме аян, бір күн ауырып жатқан адам емеспін. Бүкіл өмірім ат үстінде өтті. Жылқыдан шыққан соң аудан орталығында мал бақтым. Селолық атқару комитетінің төрағалары жаз шықса болды, мені тауып алады.

- Түреке, орталықтың сиырын бағып берсеңіз екен, - дейді.

Мен болсам амалсыз: - Жарайды, бірақ еңбек ақымды дұрыстап төлетіндер! - деймін.

Осылайша, талай жыл Шынтемір Мағзұмов ақсақал екеуміз тұрғындардың сиырларын қырға шығарып, бағып, күзде ойға түсіріп, шығынға ұшыратпадық. Сонымен қоса, шабындықты қорыдық. Неге екенін білмеймін, аттың үстіне отырсам, күшейіп шыға келемін. Малды тасқаяқтай қағыстырып, шұрайлы жерге жаямын. Баққан малымның күйі семіз болады. Халық маған сол үшін алғысын береді. Бір адам шексіз алғыс алса - сол мен болармын! Содан не керек, адал еңбекпен жүріп, зейнеткерлікке шықтым.

Қыс уақыты еді, нарықтың алғашқы жылдары ғой. Орталық аурухананың «Жедел жәрдемі» жүре алмай, тұрып қалды. Бензин жетіспеді. Сол кезде маған қазіргі бас дәрігер Рашит Есмағанбетов інім келді.

- Тұр-аға, көмегіңіз керек болып тұр! - деді.

- Оу, Рәшитжан-ау, бұ қалай, мен сенен көмек

сұраймын ба десем, сен маған көмектес дейсің. Сонда бұл өзі не болғаны? - дедім.

Рәшит қипақтап тұрып қалды. «Жедел жәрдем» жүрмегеннен кейін ол аудан әкімі Ғайсин Жаксылыққа барады. Жағдайды айтады. Әкім болса:

- Рәшит, сонда наукас адамдарды ауруханаға қалай жеткіземіз? Соның жөнін таптың ба? - дейді.

Рәшит болса: - Жәке, атшанасы бар кісілерді «Жедел жәрдемге» шығарайық, жалақысын төлейік, әйтпесе қиын, - дейді.

Бас дәрігердің мына шешіміне Ғайсин қуанып кетеді де:

- Сен әдемі шешім таптың. Өзің айттың, енді өзің осыны орында! - дейді.

Осы жайды білгеннен кейін мен «Жедел жәрдем» болуға келістім. Сөйтіп, алты ай қыс аудан орталығында «Жедел жәрдем» қызметін атқардым. Екі атымды баптап күттім. Ия, ол қиын кез еді ғой. Жұрттан ешқандай арыз-шағым болмады. Ат шанамды жегіп алып, хабар берген жерге барып, наукастарды салып алып, ауруханаға әкелемін. Күндіз балам, түнде өзім «Жедел жәрдем» болдық. Сөйтіп, 1995 жылдың қысын ын-шыңсыз атқардық. Обалы не, Рәшит жалақымызды төледі, еңбегімізді еселеді. Жаз шыққан соң, алғысын айтып, Мақтау қағазын беріп, шығарып салды.

Одан аудан әкімі Ғайсин де маған біраз құттықтау тілектерін жаудырды.

Дегенмен, «Жедел жәрдем» болу атшананың қолы емес екен. Арнайы көліктің жүргеніне не жетсін?! - дейді Тұрғын аға қазір сол күндерді еске алып.

Түрлі селолық жиындарда Түрекең сөз сөйлеп, тұрғындардың мұң-мұқтажын айтады. Артық сөзге бармайды. Өзінің ақыл-кеңесін береді. Ненің болсын әділдігін айтады. Сонымен қатар, өзі тұратын қырдағы Тойтөбе ауылының жайылып жүрген малдарын ауылға айдап әкеледі. Өз малын ғана қарамайды, көрші-көлемнің малдарын айдай келеді. Сондықтан болар, Тойтөбе мөлтек ауданының тұрғындары ана жылы қырдан тоған соғып, шағын су қоймасын жасады. Ол тоғанға «Тұрғын тоғаны» деп ат берді. Ақкөңіл Түрекең көрші-көлемдерінің бұл құрметіне риза болып, оларға алғысын

жаудырып, дәм-тұзын ұсынды.

Түрекең ыждағатты, тиянақты кісі. Қай шаруаны да мүлтіксіз орындайды.

1993 жылы ауданымызда 100 үй салынғаны белгілі. Ауданымыздың сол кездегі алғашқы әкімі Орал Мұхамеджанов марқұм бірде «Тұрғын Мұқанов ақсақалды шақырындар» деді қарауындағыларға. Түрекең болса әп-сәтте жетіп келді.

- Ореке, қызметіңіз құтты болсын! Сіз шақырды деген соң келіп тұрмын, - деді.

Орекең болса: - Түреке, сізді шақырғаным, 100 үй салып жатырмыз. Соның бірі ең шетке түскелі тұр. Сол үйге сіз не болып, қам-қарекет жасаныз. Сол манды қарай жүріңіз. Айтқаным-айтқан, сол үйді сізге беремін! - деді.

Түрекең қуанып кетті.

- Бәсе, өзім де ойлап жүр едім. Оралжан бір үйді маған қалай бермейді деп. Айтқаныңа құлдық! - деді.

Сөйтіп келесі күні Түрекең Нарбай көлінің маңындағы ең шеткі үйдің жанына көшіп барып, құрылысшыларды жігерлендіріп, жұрттан бұрын үйін бітіріп, кіріп алды. Содан ауданға сол кездегі Премьер-Министр С.Терешенко келетін болды. Әкімнің орынбасары Болат Наканов марқұм Премьер-Министрді қай үйге апару жөнінде азаматтармен ақылдасты. Сонда әкімнің тағы бір орынбасары Амантай Жанбаев тұрып:

- Менің ұсынысым бар. Қонақты күтетін лайықты адам - Тұрғын Мұқанов, - деді.

Содан Түрекең келісе қойды. Үйінің жанына 7 бие, 7 сиырын байлап, сауғыздырды. Сөйткенше болған жоқ, С.Терешенко келді. Ол Тұрғын ақсақалдың тұрмысына риза болды.

- Осы малдардың бәрі өзіңіздікі ме? - деді.

- Сергей шырағым, бәрі де өзімдікі! - деді Түрекең.

С.Терешенко риза болғаны сондай:

- Орал Байғонысұлы, сіз 100 үйдің бірін лайықты адамға берген екенсіз! 100 үйге кіргендердің бәрі осы кісідей ме? - деді.

- Ия, - деді Орекең. Түрекең қазір де бабында. «Асыл адам айнымас» дегендей еңбек адамына тән қалпын сақтап, балаларына және жалпы жастарға үлгі-өнеге көрсетеді.

М.МҰХАМЕТҚАЛИ

ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАРТ
ҚАРШЫҒА

Зейнеткер Қаршыға Есенов ұзақ жыл техника саласында қызмет етті. Аудандық «Казсельхоз-техника» бірлестігінде жүргізуші болды. Өзіне берілген тапсырмаларды абыроймен орындады.

Үйде қол қусырып, қарап отыруды жаны сүймейтін Қаршекең тыным таппайтын кісі. Қаршыға десе қаршығадай. 70 жасқа келсе де әлі күнге машина ролінде отырады. Техникасын бабында ұстайды. Көп жылдардан бері аудандық мешітте намазхан болып жүр. Жұма намазын ілеуде бір болмаса, қаза етпеген намазхан. Жұма күні ол мешітке жұрттан бұрын барады. Сағат 12 болған кезде Қаршекеңнің машинасы мешіттің қасында тұрады. Соны білетін құрдастары:

- Е, бүгін Жұма намазы екен ғой. Себебі Қаршығаның машинасы тұр ғой, - дейді.

Шындығында да солай. Жұма күні Қаршекең мешітте болады. Одан соң мешіттің ауласындағы шашылып жатқан талдар мен коқыстарды жинайды. Одан ағаштарды суарады. Осының бәрін ешкімнің айтуынсыз істейді.

Қарапайым Қаршекең түрлі дұға-аяттарды жаттап алған. Дастарханда дұға оқып, аруақтарға Алладан тілек тілейді.

- Қаршыға екеуміз қатар өстік. Ағайын адамдармыз. Басқа-басқа. Қаршығаны мешітке барып, діндар болады деп еш ойлаған емеспін. Қазір оған қарадай риза боламын. Өйткені, Жұма намазын қаза етпейді. намазға 2 сағат, кейде 1 сағат бұрын барады. Имамның немесе наиб имамның айтқан уағыздарын тыңдайды. Соның бәрін қалт жібермей миына құйып алады. Бас қосқан жерде Құдайдың құдыреті, Пайғамбарымыздың шапағаты туралы неше алуан әңгіме айтады. Соған сай Алла оған беріп отыр. Балаларының бәрі қызметте, әр жерде жұмыс істеп жүр. Қолында Нұрбол деген баласы бар. Сол Нұрбол Қаршығадан өткен. Ауданның белді таксист жігіттерінің бірі. Нұрболды көргенде Қаршығаны көргендей боламын. Ол да жас кезінде осы Нұрбол секілді тыным таппайтын, - дейді Олжекен Тұрғанов.

Қаршыға ақсақал қатты сөзді білмейтін, жұмсақ мінезді кісі. Үйінің жанында бос қарап отырмайды. Маңайы тап-тұйнақтай. Үйінен шығатын әралуан коқысты күнде кешкілік жинап, тазалап, пешке жағып жібереді. Ауласының маңында бір бұрау шөп-шалам жатпайды. Көршілеріне «Ауламызды, маңайымызды таза ұстайық, шашпайық! Сонда өзімізге жақсы болады» деп жиі айтып отырады.

Ток етерін айтқанда, Қаршыға ақсақал еңбек десе ерінбейтін, қарапайым жан. Кісіге қамқорлығы көп.

Әнет ЖҰМАБЕК

Суретте: Сатыбалды ишан атындағы «Тәубә» мешітінің намазханы Қаршыға ақсақал.

Аудан әкімдігінің №177 ҚАУЛЫСЫ

08 тамыз 2016 жыл. Амангелді ауылы

АМАНГЕЛДІ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ
2015 ЖЫЛҒЫ 31 НАУРЫЗДАҒЫ №53 ҚАУЛЫСЫНЫҢ
КҮШІ ЖОЙЫЛДЫ ДЕП ТАҢУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына және «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 06 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Амангелді ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Амангелді ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 31 наурызда №53 «Коммуналдық мүлікте иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі критерийлерді айқындау туралы» қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5584 болып тіркелген 2015 жылғы 15 мамырда «Аманкелді арайы» газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н.ӨТЕГЕНОВ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ №177 районного акимата

08 августа 2016 года. с.Амангельды

О ПРИЗНАНИИ УТРАТИВШИМ СИЛУ ПОСТАНОВЛЕНИЕ
АКИМАТА АМАНГЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА
ОТ 31 МАРТА 2015 ГОДА №53

В соответствии со статьей 31 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», статьи 27 Закона Республики Казахстан от 06 апреля 2016 года «О правовых актах» акимат Амангельдинского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Признать утратившими силу постановление акимата Амангельдинского района от 31 марта 2015 года № 53 «Об определении критериев по выбору видов отчуждения коммунального имущества» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 5584, опубликовано 15 мая 2015 года в районной газете «Аманкелді арайы»).

2. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким района

Н.УТЕГЕНОВ

БАТЫР АТАМЫЗДЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

Есімі аңызға айналған Иман атамыздан Балық пен Үдербай туады. Балық өмірге 1820 жылы келген. Ал Үдербай болса 1828 жылы туып, 1879 жылы 51 жасында ауырып, дүниеден өтеді. Оның артында Бектепберген (1870-1921жж), Аманкелді (1873-1919 жж), Амантай (1876-1931 жж) атты үш бала қалады.

Арада 2 жыл өткен соң Балық Қалампырға үйленіп, одан Есентай (1884-1933 жж) атты бала туады. Есентай аз ғұмыр жасаса да, елге белгілі азамат болады. Оның атында қазіргі Үрпек ауылында «Есентай бөгеті» деген бөгет бар. Осы Есентайдың бәйбішесінен Сұлтан атты бала туады. Кейін Аманкелді атамыз шаһит болған соң, Есентай Қалампыр анамыздың рұқсатымен батырдың зайыбы Балымға үйленеді. Алғашында Есентай оған үйленгісі келмейді. Бірақ, Қалампыр анамыз оған:

- Есентай, сен де менен туған баланың бірісің, кенжемсің. «Аға өлсе – іні мұра» деген, сондықтан сен Балымға үйленуің керек. Ол қарсы емес. Көндірім. Қазақта екі әйел алған жігіттің алды да, арты да сен емессің. Аманкелдімнің зайыбын басқа біреуге бере алмаймын, - дейді.

Содан Есентай Балымға үйленеді. Одан Рақым (1927 – 2013 жж) және Рақымқұл атты екі ұл көреді. Рақымқұл 1930 жылы туған. Есентай қайтыс болған соң олар жансауғалап Өзбекстанға өтіп кетеді. Екі баласын Балым анамыз тәрбиелеп, өсіріп, ер жеткізеді. Бүгінде Рақым мен Рақымқұлдан қалың ұрпақ бар. Екеуі де Оңтүстік облысының Мақтарал ауданына көшіп келіп, сонда еңбек еткен. Алайда, Рақымқұл Мақтаралды жерсінбей, өзі туып-өскен Өзбекстанға көшіп кетеді. Рақымның да, Рақымқұлдың да балаларының біразы Қазақстанда тұрады. Енді біразы Өзбекстанда өмір сүруде.

Аталарымыз Балық пен Үдербайдың бөтендігі болмаса, Аманкелді мен Есентайдың да бөтендігі жоқ. Есентайдан тараған қалың ұрпақ та Аманкелді атамыздың немере-шөберелері.

Аманкелді атамыздың немересі Батырлан Рамазанұлы ағамыз қазіргі күні Алматы қаласында тұрады. Белгілі ғалым. Нарықтық экономиканың алғашқы кезінде ол кісі атасы аттас Иманов атындағы совхозды жекеге алып, ағайындарына жұмыс істеткісі келді. Алайда, көп кедергілерге жолықты. Көптеген ұйымдастыру жұмыстары жасалды. Батыр атамыздың немересі Батырлан ағамыз алған бетінен қайтпады.

1993 жылдың жазында Иманов атындағы совхозды Батырлан Аманкелдиевке беру жөнінде жиһалыс өтті. Облыс басшылығы «ол кісі совхозды басқара алмайды» деп сенімсіздік танытқанымен, совхоз халқы Батырлан ағамызды қолдап, совхозды халықтық меншікке алды. Кедергілерге кездесті. Сөйтіп, Батырлан ағамыз бар билікті совхоздың халқына беріп, Алматыға кетті.

Батырлан Рамазанұлы Аманкелдиев қазақтың белгілі ғалымы. Атасы туралы көптеген зерттеу жұмыстарын жүргізді. Соның нәтижесінде «Торғай үйезіндегі 1916 жылғы көтеріліс және Аманкелді» атты тарихи зерттеу кітабын шығарды. Бұл кітап 2015 жылы «Алатау» ЖШС баспасынан орыс тілінде жарық көрді. Батырлан аға осы кітапты ауданымызда өтетін 100 жылдық тойға қазақ тіліне аударып, бастырып, алып келуге ниет етіп отыр.

Батырлан аға зайыбы екеуі атасының, әкесінің рухына тағзым етіп, олардың еңбектерінің ұрпақ жүрегінен орын алуын қалайды. Сол жолда ізденіс жұмыстарын жасап жүр.

- Менің өз түсінігімде атам Аманкелді батыр туралы жазылған кітаптардың ішінде 2 томнан тұратын Махан Жұмағұловтың «Қыран қазасы қияда» атты романдиологияның орны ерекше деп білемін. Орыс тілінде жазатын



Махан ағамыз осы романды жазу барысында тарихи құжаттарды көп тексерген. Аманкелді ауданында да жыл сайын болып, қарапайым халықпен көп әңгімелескен. Нәтижесінде оның роман-диологиясы сәтті шыққан. Сосынғы бір кітап Издей Мұхаметжановтың «Торғай комиссарлары» атты құжатты еңбегі. Издей аға Мәскеуде оқуын бітірген соң Аманкелді тарихын 20 жыл зерттеді. Махан аға да 20 жыл зерттеу жұмыстарын жаса-

ды. Осындай ізденістің арқасында бұл кітаптар сәтті шықты! - дейді Батырлан аға.

Аманкелді атамыздың келесі ұрпағы Есентайдан тарайтын қауым. Оның Ақсары атты бәйбішесінен Сұлтан туса, екінші әйелі әрі жөңгесі Балымнан жоғарыда айтқан Рақым мен Рақымқұл туады. Бұлардың екеуінен де 5 ұлдан бар.

Сұлтанның баласы Дүйсенбі Сұлтанұлы қазіргі күні Қостанай қаласында тұрады. Ауданы-



мыз туралы кітапты жазу барысында облыстық архивтен Торғай үйезі жөнінде зерттеулер жүргізгенімізде осы кісі кездесе кетті. Аллатағаланың болыстығы шығар, амандық-саулықтан соң Дүйсекең өзінің Аманкелді ұрпағы екенін айтты. Оған дәлел деп Рақым ағасының, Батырлан ағасының отбасыларының суреттерін көрсетті.

Батыр атасы туралы да көптеген әңгімелер шертті. Дүйсекеңнің бір баласы зерттеу жүргізіп жүр екен. Әрине, құптарлық қадам! Аманкелді секілді атақты адамның аруағы жай жатуға тиіс емес. Демек, ұрпақтары атасының ерлігін әспеттеп, қолға қалам алғаны көңіл қуантады.

Өзбекстанда туып, Өзбекстанда өсіп, қазір де сонда тұрып жатқан Рақымқұл ағамыз Торғай ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдық тойына қатысып, оны көзімен көруді армандайды екен. Егер бізге шақырту тисе, қайтсек те барамыз деп өтініш қылыпты.

Демек, кейбіреулер айтып жүргендей Аманкелді атамыздың ұрпағы үзілген жоқ. Оның ұрпағы Дүйсенбі Сұлтанұлы, Рақым, Рақымқұл, Есентай ұлдары арқылы жалғаса бермек!

Иман батыр, Аманкелді батыр аталарымыз халқымыздың азаттығы мен бостандығы үшін

күрес жүргізді. Сол жолда мерт болды. Алайда, оның ұрпақтары ерлігін үзбей жалғап келеді. Мысалы, Рамазан Аманкелдиев 1911 жылы туып, 1941 жылы Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапса, Шәріп Аманкелдіұлы Иманов ерліктің жойқын үлгісін көрсетті. Ұлтына қызмет етті. Ауылдан барған қазақ азаматтарын қорлаған шовинист командирлерді тәртіпке салды.

Сол секілді, Есентай оның балалары Рақым, Рақымқұлдар да бейбіт еңбекте ерлік үлгісін көрсетті. Ал Батырлан ағамыз болса, туған жермен байланысын ешқашан үзген жоқ. Жоғарыда айттық, елге қызмет істегісі де келді. Бірақ, соның сәті түспеді. Жабайы нарықтың алғашқы жылдарындағы сәтсіздіктер оның қадамына тұсау болды. Алайда, азаматтығын көрсетіп, совхозды Үрпек ауылындағы халыққа тапсырып кетті. Бір түйір зат та, ақша да алмады. Ол бүгінде 77 жаста. Ардақты ақсақал. Атасы Аманкелдінің өмір тарихын зерделеп, зерттеп жүрген қаламгер. Негізі ғалым. Ғылыммен де айналысып, көптеген жетістіктерге жетті. Батырлан ағамыз да ұлт-азаттық көтерілістің Аманкелді ауданында өтетін 100 жылдық тойына келуді өзіне парыз санап отыр. Ол бұл тойға жай келмейді. Жоғарыда айтылған кітапты алып келмек.

С.СЫҒАЙ

Суреттерде: (жоғарыдан төмен қарай) Аманкелді атамыздың ұлдары Рамазан Аманкелдиев (1911-1941жж), Шәріп Иманов (1914-2000 жж) әскери формада, төменде Рамазанның баласы Батырлан зайыбымен және Бакең туыстарымен, Дүйсенбі Сұлтанұлы зайыбымен, баласымен әкесінің бейіті басында; оң жақтан жоғарыда Рақым ата Есентайұлы бәйбішесімен, төменде Рақым Есентайұлының балалары.

...Біреулер екі ата-анаға, енді біреулер екі ауылға немесе екі өлкеге һәм екі ұлтқа ортақ перзент болу бақытын иеленеді. Мысалы, ұлы жазушы Мұхтар Әуезов - қазақ, қырғызға ортақ тұлға болса, ұлы ақын, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов - қазақ, орысқа әрі төл, әрі тел перзент. Санай бастасаңыз мұндай адамдардың тізімі созыла береді...

Ал есімі Қостанай-Торғай облыстарына кеңінен мәлім ел ағасы Торсан Салықұлы болса 1936 жылдың 27 тамызы күні Қостанай қаласының жанындағы ертедегі «Ұзын ауыл», кешегі «Долгий», бүгінгі «Алтын дала» ауылында дүние есігін ашты.

Әкесі Салық Нұрмұхамедұлы - Қостанай облысы бойынша жергілікті ұлттан шыққан алғашқы әмбебап механизаторлардың бірі еді. 1941 жылы 22 маусым күні Ұлы Отан соғысы басталғанда Салық өзін соғысқа жіберуді сұрап, Қостанай аудандық әскери комиссариатына барды. Бірақ ондағылар қанша өтінседе майданға жібермеді. Себебі, аудандық партия комитеті оны соғысқа барудан броньмен қалдырған еді. Өйткені, ауылдағы азаматтардың көбі соғысқа кетіп, елдегі тірлік қариялар мен жас келіншектердің, бойжеткен қыздардың мойнына артылған болатын. Сондықтан да, аудандық партия комитеті бір өзі бірнеше адамның жұмысын атқаратын Салық Нұрмұхамедұлын әскерге жіберуден біржолата бас тартты. Енді ол өзіне көрсетілген жауапкершілікті бұрынғыдан да терең сезініп, тылда ерекше еңбек етті. Көктемде егістік алқабына тұқым сепсе, одан соң қолдағы бар малға керекті шөпті шапты. Ал күзде егін піскен соң комбайнның рөліне отырып, егін орды. Одан соң шабылған шөпті қыстақтардың басына тасып жеткізді. Қыста да бір тыным көрмеді. Осылайша ол соғыс жылдарында тылда еңбектің ерен үлгісін көрсетті. Алайда, 1944 жылдың қаңтар айының басында жойқын аязда тракторы сынып, далада қалып, көп бейнет шекті. Ақыры облыстық ауруханаға түсті. Не керек, 1944 жылдың наурыз айында 37 жасында дүниеден өтті. Арғында жары Сара мен 7 жасқа да жете қоймаған жалғыз ұлы Торсан мен қызы Бақыт жылап қала берді...

Салық Нұрмұхамедұлы он саусағынан өнер тамған шебер күйші әрі әнші, әрі темір мен ағаштан, қайыстан түйін түйген зергер де еді. Кезінде оны домбырашылыққа республикаға шақырған. Алайда, өзі бармай қойды. Аталары Дербісәлі Баймұратұлы мен Мандай Байдәулетұлы – Абылай ханның бас батырларының бірі еді. Екеуі де асқан батыр болуларымен қатар әнші, күйші болған. Бұл әулеттен кезінде Байбол секілді ғажайып күйші де шыққан. Мандай батыр Абылай ханның тапсыруымен Қостанайдың солтүстігінде, Ресеймен шекарада ел қорғап тұрған. Қабанбай батырдың шығыс шекараны қорғап тұрғаны сияқты, Мандай - Тройцкі мен Мағнайдың арасындағы кең жерге жат жаулардың аяғын қазақ жеріне бастырмаған. Салықтың әкесі Нұрмұхамедке Мандайдың молдалығы және Байбол атасының күйшілігі дарыған екен. Сол өнер Салыққа да қоныпты. Ол күй тартқанда алдына өзі қолдан жасаған ортекені секіріп қоятын. Тартқан күйлерін жерлестері ықыласпен тыңдайтын. Сағынған ел Салықтың кісілік қасиеттерін жиі айтып, оның рухына тағзым ететін.

Әкесі қайтқан соң Торсанды оның құрдасы, колхоз төрағасы Есментай Мұстафин егінге есепші етіп қойды. Осылайша бесіктен бөлі шықпай жатып, соғыс жылдарында еңбекке араласты.

Бастауыш мектепке 1945 жылы «Александровкіде» барды. Ал 4-7 сыныптарды «Долгийдегі» жетіжылдық мектепте оқыды. Одан соң Қостанай қаласындағы бұрынғы Жаманды, қазіргі Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-интернатта білім алды. Осы мектеп-интернатты 1955 жылы жақсы бітіріп, Алматы қаласындағы қазақтың сол кездегі Ауыл шаруашылығы институтының агрономия факультетіне оқуға түсті.

Оны 1961 жылы сәтті бітірген соң Қостанай облысына келді. Басшылар жас агрономды қазіргі Қарабалық ауданындағы «Өрнек» совхозының №4 бөлімшесіне агроном етіп жіберді. Бөлімше басқарушысы Орынбасар Жақыпов сол кезде жасы 50-лерді орталап қалған жайсаң азамат еді. Жас маманды қуана қарсы алып, өзінің бай тәжірибесімен бөлісті. Торсанға екі ат берілді. Ол сол аттарға кезек-кезек мініп, бөлімше егістігін ұзақты күн аралады. Соның арқасында бөлімшедегі егістік жерді бес саусағындай біліп алды.

...Бір күні егістікті атпен аралап келе жатқанда оны Қостанай облыстық партия комитетінің сол кездегі бірінші хатшысы Андрей Михайлович Бородин көріп қалды. Ол жас маманның ерінбей-жалықпай егіндік алқапты атпен аралап жүргеніне риза болды ма, дереу машинасын тоқтатып, онымен әңгімелесті.

– Жас агроном, қалың қалай? Сен қалай ойлайсың, биыл әр гектардан қанша центнерден астық алмақшысыңдар? – деді.

Ол бөгелген жоқ:

– Құрметті Андрей Михайлович, орта есеппен әр гектарынан 15-16 центнерден аламыз деп отырмыз. Егер ауа-райы тағы бір жаңбыр сыйласа, 17 центнерден алып қалуға болады! – деді.

Жас жігіттің батылдығына ырза болды ма:

– Ал, сен не айтасың, Александр Николаевич? – деді Бородин «Өрнек» совхозының директорына.

Ол болса:

– Андрей Михайлович, бөлімше агрономының айтқан мөлшерінде аламыз! – деді.

– Онда сөздеріңде тұратын болыңдар! Жаңа мен де осы мөлшерде алады-ау деп топшылаған едім. Ойымыздың бірдей шығып жатқаны жақсы-ақ! – деді Бородин.

– Андрей Михайлович, сезімізде тұрамыз! – деді директор.

– Солай ма?! – деді Бородин.

– Солай! – десті бұлар.

Бородин қасында тұрған көмекшісіне:

– Мына жас агрономның аты-жөнін және өмірбаян-деректерін жазып ал! Қостанайға барғасын ертең маған көрсетесің! – деді.

– Жақсы, Андрей Михайлович! – деді көмекшісі.

Бородин егістік алқабына тағы бір мәрте көз жүгіртіп тұрған сәтте көмекшісі жас агрономның аты-жөнін де, өмірбаянын да жазып үлгерді.

Қара «Волга» бітік егінінің ортасындағы тактайдай теп-тегіс тактақ жолмен сырғи жөнелді.

– Ал, Торсан Салықұлы, айтпады деме, алдыңнан ақ жол ашылғалы тұр. Бородин кез-келген жас маманға ықылас білдіре бермейді. Неде болса, көзіне түстің, есебіне алындың! – деді совхоз директоры Александр Николаевич.

– Иә, қалқам, бұл – шындықта да бір жақсылықтың белгісі! Ана кісінің көрінгенге көңілі түспейді. Жұмысыңды бұрынғыдан да жақсы істе! Өз дегені болмаса, өзгенің айтқанына көнбейтін обкомның бірінші хатшысы енді сені назарыңда ұстауы мүмкін. Осыны есінде сақта! – деді Орынбасар ағасы.

Бұл күн – 1962 жылдың 27 шілдесі еді.

Сол жылы «Өрнек» совхозы 28 000 гектарға бидай септі. Егін бітік шықты. Әр гектардан 17 центнерден астық жиналды. Обкомның бірінші хатшысы А.М.Бородинге берілген уәде орындалды.

Қазақтың «Кісіге бақ қонайын десе – болмашыдан қона салады» дегені рас екен. Торсан Салықұлының жұлдызы оңынан туды.

ТОБЫЛ - ТОРҒАЙ

НЕМЕСЕ ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНДА БАСШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР АТҚАРЫП, ЕҢБЕК АРДАГЕРІ ТОРСАН САЛЫҚҰЛЫ НҰРМҰХАМБЕДОВ



1963 жылдың 15 желтоқсаны күні ол Қостанайға, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Струковтың қабылдауына шақырылды. Бұлай болады деп күтпеген еді. «Неге шақырды екен?» – деп алаң болды. Бірақ, совхоз директоры А.Н.Кузмичев пен бөлімше басқарушысы О.Жақыпов оған «Неде болса бара көресің, алаң болма!» – десті.

Белгіленген уақытта бастықтың қабылдау бөлмесінде отырды. Орынбасар Жақыповтың айтуынша Струков – А.М.Бородиннің ең сенімді серіктестерінің бірі, ауыл шаруашылығының білгірі, егін шаруашылығымен қатар, мал шаруашылығының да қырсырына жетік. Бұл салаларды облыста одан артық білетін ешкім жоқ. Бұл кісі кезінде күрделі мәселелер туындағанда облыс басшысы Андрей Михайловичтің өзінің дұрыс шешім қабылдауына ықпал ететін көрінеді. Бородинге шындықты тайсалмай айтатын да осы Струков деп айтылады екен. Оны сыртынан бір-екі рет көргені болмаса, жақсы білген кісісі емес еді.

– Ал, жолдас Нұрмұхамедов, хош келдің, жағдайың қалай? – деді Струков.

– Жанан емес, жүріп жатқан жай бар! – деді Торсан Салықұлы. – Сіздер биыл астық жинаудан жақсы көрсеткіштерге жеттіңіздер! Бүкіл көрсеткіштеріңіз, міне, менің алдымда жатыр. Жұмысты осылай жақсы істеу керек. Жұмыс жақсы істелсе, нәтиже сөзсіз жақсы болады. Тұрасына көшейік, уақытыңызды алмайын, осыдан бір апта бұрын Андрей Михайлович Бородин маған сізді Қарасу ауданында ашылатын «Май» совхозына бас агроном етіп жіберуге тәртіп берді. Сондықтан, осы қызметке кірісуіңіз керек. Қалай қарайсыз?

– Сенім білдіргеніңізге рахмет! – деді Торсан Салықұлы.

– Сізге де рахмет! Көрсетілген сенімді қабыл алғаныңыз үшін! Адал қызмет етіңіз! Сонда біз сізді әрдайым қолдаймыз! – деді Струков.

1963 жылдың 30 желтоқсан күні алдағы Жаңа жылда ашылғалы тұрған «Май» совхозының басшыларын Қарасу аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қабылдады. Кадрлардың әрқайсысымен танысып, білісіп, бәрін де тыңдап, қадамдарына сәттілік тіледі.

«Май» совхозы – «Қарасу», «Тіртуір», «Ильич», «Жамбыл», «Павлов» секілді бес совхоздан енші алып шыққан шаруашылық. Яғни, жаңа совхозға аталған бес шаруашылықтан жер бөлініп берілді. Совхоз солардың негізінде жеке шаңырақ көтерді. Шаруашылықта 30 000 гектар егіндік жер болды. Сол сияқты, ірі қара және қой да өсірілді. «Майдың» директоры болып, тәжірибелі басшы Алексей Тимофеевич Калинин тағайындалды. Ол қарауындағы адамдарды ортақ іске жұмылдыра білді. Сол алғашқы жылдың өзінде совхозға керекті бірнеше құрылыстар салынды. МТМ, гараж, мал қоралары мен үйлер бой түзеді. Техникалар сатып алынды. Егін бітік шықты. Мол өнім алынды. Әр гектардан 20 центнерден астық жиналды.

Торсан Салықұлы «Май» совхозында 4 жыл еңбек етті. 28 жасында «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталды. Шаруашылықтың одан әрі дамуына өзінің мол білімі мен бай тәжірибесін аянабай жұмсады. Қарауындағы агрономдармен, ди-хандармен өзара жиі пікір алысып, егін шығымдылығын арттыру жөнінде ақыл-кеңесін берді. Оларды үнемі қолдап отырды. Сондықтан да, «Май» совхозы 4 жылда егін алу жоспарын үнемі асыра орындап отырды. Обкомның бірінші хатшысы М.Бородин әр келген сайын бас агрономның еңбегіне өзінің ризалығын білдіріп, әрдайым жылы пікірлер айтып кетіп жүрді.

... Торсан Салықұлы 1968 жылдың желтоқсан айының 27 жұлдызында обкомның бірінші хатшысы А.М.Бородиннің қабылдауына шақырылды. Облыс басшысы оған Аркалық ауданындағы «Майкөтов» совхозына директор болып баруды ұсынды. Бұл мүлде күтпеген ұсыныс еді. Торсан Салықұлы ойла-нып тұрды да:

– Андрей Михайлович, мен ол жақты білмеймін, бұрын болған жерім емес, – деді.

– Онда ойланғы, қабырғаңмен кеңесіп, ертең сағат 9-да кел, – деді А.Бородин.

Ертеңіне айтылған уақытта обкомның бірінші хатшысының

қабылдау бөлмесінде отырды. Әрине, көңілсіз...

– Кіріңіз, сізді күтіп отыр, – деді хатшы келіншек. – Қалай, Торсан Салықұлы, ойлаңдың ба? – деді Бородин. Ол төмен қарап, отырып қалды. – Неге үндемейсің? Кейбір жастар директор қояйын десең бөркін аспанға атып қуанады. Ал сен керісінше тұнжырап қалдың ғой, бұл қалай? Жайшылықта жайнап, жалындап жүргенің қайда қалды?

– Андрей Михайлович, ол жақты білмеймін... Мен Қостанайдың тумасымын. Атқарып жүрген қызметім өзіме ұнайды. Ол жаққа барғым келмейді, – деді Торсан Салықұлы.

– Жоқ, жігітім, сен асығыс шешім қабылдағалы тұрсың, бар, ойланып-толғанып ертең дәл осы уақытта кел! – деді Бородин.

Торсан Салықұлы қызметтік автокөлігіне отырды да «Май» совхозына қарай бет түзеді. Ауылға келгенінде қарсы алдынан өзі жақсы сыйлайтын, аға тұтатын, совхоздың бас бухгалтері Жанәбіл Тұрсынов кездесе кетті. Одан ақыл-кеңес беруін сұрады.

– Маған салсаң сенің «Майда» өзімізбен бірге істеп жүре бергенің жақсы. Бірақ, обкомның аты – обком! Ол біз түгілі, аупарткомның бірінші хатшысымен де ақылдаспайды. Қалаған адамын алып, қалаған қызметіне тағайындай береді. Бармаймын деп Бородиннің қаһарына ұрынып қалма. Ол – өте қатал адам. Өзі ұнатқан кадрларды қорғай да біледі, қолдай да біледі. Ұсынған қызметіне бармаған кадрларды екінші қайта көтермейтін көрінеді. Шын жақсы көрген адамына ұсыныссын үш мәрте айтады екен. Үшінші жолы бармаймын десе, одан кейін қабылдауға мүлде шақырмайды деген сөз бар, – деді Жанәбіл ағасы.

Торсан түнімен көпке дейін ұйықтап алмады. Өзіне салса – Аркалыққа барғысы жоқ. Бірақ, Жанәбіл ағасының сөзінің жаны бар. Қайтпек керек? Бас тарту керек пе, әлде келісу керек пе? – деп жатып ұйықтап кетті.

Танертең айтылған уақытта тағы да А.Бородиннің қабылдау бөлмесіне келді. Бетіне жан қаратпайтын бірінші хатшы бұл жолы да жылы пейілмен қабылдады.

– Торсан жолдас, қалай, ойландың ба? – деді.

– Келістім, Андрей Михайлович, көрсеткен сеніміңізге рахмет! – деді Торсан Салықұлы.

– Міне, жөнге жаңа келдің. Сен менің назарымда жүрген қазақ азаматтарының бірі екенінді ұмытпа! Тапсырылған қызметті адал істе! Қарауындағы жұртына тек қана жақсылық ойла! Ал бүгін облыстық ауылшаруашылығы басқармасына барып, барлық құжаттарыңды әзірлеп алып, Алматыға ұш! Ауыл шаруашылығы Министрлігінен бұйрық аласың, одан Қазақстан Компартиясы Орталық комитетіне барасың. Жаңа жылдан бастап қызметіңді қабылдап алып, іске кіріс! – деді Бородин.

Сөйтіп ол 1969 жылдың басында, дәлірек айтқанда 4 қаңтар күні анасы Сара, зайыбы Үміт және 3 қыз 1 ұлымен Қостанайдан Аркалық поезына отырып, жолға шықты. Күннің суықтығы 45 градусы көрсетіп тұрған. Поезд Аркалыққа сағат 11-дің кезінде келді. Мұнда да 45 градус, бетқаратпас үскірік есіріп тұр екен. «Майкөтов» совхозына бару мүмкін болмады. Торсан Салықұлы дереу Аркалық аупарткомының бірінші хатшысы В.Голубенкоға барып, тигач сұрап алды. Сөйтіп «Майкөтовке» зорға жетті.

Келесі күні совхозды қабылдап алды. Жанын салып іске кірісті. 1969 жылдың жазы қуаныштылықты болды. Сәуірден бастап маусымға дейін аспаннан бір тамшы тамбады. Оның үстіне 1968 жылы Торғай өлкесінде су тасымал қалған екен. Қайда барсаң да қуаныштық менмұңдалап тұрды. Осы кезде қалыптасып отырған жағдайды білу үшін А.М.Бородин Аркалыққа ұшақпен жетті. Совхоздарды аралап көрген ол басын шайқады. Қуаныштысы Бородин кеткеннен кейін ақ жаңбыр егіндікке 45 күн бойы жауды. Шөліркеп, қорғалып өсіп келе жатқан егінге жақсы болды. Аркалық ауданы бойынша әр гектардан 8 центнерден астық жинауға осы жаңбырдың көп пайдасы болды. Ал «майкөтовтіктер» әр гектардан 12 центнерден астық алып, аудан көшін бастады.

Сол жылы 30 000 гектар жерге дәнді-дақыл тұқымы себілген еді. Оның 25 000 гектары бидай, қалған 5 000 гектары арпа, сұлы, тары еді. 5 трактор-егіс бригадасы құрылып, 2 шөп бригадасы жасақталған болатын. Сол жылы 10 жаңа қоралар мен екі пәтерліктен 20 үй салынды.

Совхоз 1970 жылды да жемісті аяқтады. 30 000 гектар егістік жердің әр гектарынан 14 центнерден өнім алынды. Мал басы өсті. Шаруашылық ұжымында ынтымақ-бірлік нығая түсті. Осы жылдың аяғында аупарткомның бірінші хатшысы В.Голубенко Торсан Салықұлын қоярда-қоймай «Аңғар» совхозына директор етіп жіберді. Мұнда жағдай өте қиын екен. Совхоздағы 100 сиырдың күніне 400 литр сүт өндіріледі екен. Малға қажетті жем-шөп қоры жасалмаған. Жеке тұрғындар да малдарын қыстан алып шығудың ретін таппай, қиналып отыр екен. Амал жоқ, білекті сыналып тастап, маңайдағы совхоздардың директорларымен келісіп, жем-шөп жеткізді. Элеватор басшыларымен ортақ шешімге келіп, жем тасытты. Ол жемді арнайы адам қойып, халыққа шелек-теп үлестіртті. Нәтижесінде совхоз да, жеке меншік те қолдағы бар малын қыстан аман алып шықты. 6 айдың ішінде күніне 7 тонна сүт өткізілетін болды. Сол жылы жазда 12 мал қорасы мен 12 мал қыстақтары салынды. 800 бас асыл тұқымды қызыл сиырлардың қашарлары әкелінді. Ал көктемде 30 000 гектар жерге егін себілді. Нәтижесінде 1971-1972 жылдарда «Аңғар» совхозы облыстағы іргелі шаруашылықтың біріне айналды. Совхоз 2 жыл қатарынан 30 000 гектар жерден 14,5 және 16 центнерден астық жинады. Айналасы 2 жылдың ішінде «Аңғар» совхозын да ауданның маңдайалды шаруашылығы ете білді. Бұл - 1972 жылдың қыркүйек айы еді.

Шілде айында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының бірінші орынбасары Сартай Омаров Аманкелді ауданына бірінші хатшы болып кеткен еді. Обкомның бірінші хатшысы С.Құсайынов оның орнына білікті қазақ кадрын іздеді. Сол кезде оған екінші хатшы В.Голубенко Торсан Салықұлының кандидатурасын ұсынды. Ал оның бұл қызметке барғысы келмеді. Бірақ, обкомның бірінші хатшысы еркіне қоймады. Сөйтіп, 1972-1973 жылдарда ол осы қызметті атқарды. Кейін өзі сұранып, облыстың ең артта қалған «Островский» совхозына директор болып кетті. Әрине, Торсанның мұнысына обкомның бірінші хатшысы ренжіді. Ал Торсан Салықұлы болса, артта қалған совхозды айналасы 4 жылдың ішінде облыстағы ең үздік совхоздардың қатарына қосты. Барған жылы совхоз орталығына шаруашылық тәсілімен ауыз су құбырын тартты. Сол құбыр әлі күнге халыққа қызмет етіп тұр.

Ал келесі жылы Советтер Одағы бойынша - екінші, ал Қазақ-

ТОРСАНЫ

ЕЛ МЕРЕЙІН АСЫРҒАН ТЫЛ ЖӘНЕ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ



стан бойынша - бірінші болып саналатын өнеркәсіптік негіздегі мал бордақылау кешенін салып шықты. Бұл оқиға республикаға танылды. Оны көруге Қазақ ССР Үкіметінің сол кездегі Төрағасы Байкен Әшімовтың өзі келді.

«Островский» совхозында республикалық семинар өткізілді. Оған Торғай облысының аудандық партия комитеттерінің бірінші хатшылары, ауатком төрағалары, ауыл шаруашылығы басқармасының басшылары, инженерлер және басқа да мамандар мен республиканың бірқатар облыстарынан осы саламен айналысатын адамдар шақырылды. Бұл өнеркәсіптік мал бордақылау кешенін совхоздың инженер-техниктері өздері салып шықты. Торсан Салықұлы Ресейдің Краснодар өлкесіндегі өнеркәсіптік мал бордақылау цехы сияқты салдырып шықты. Әуелі бас инженері бастаған бір топ адамды сонда жіберіп, оның жұмыс істеу тәсілімен танысып қайтуына мүмкіндік жасады. Осыдан кейін Қазақстандағы бірқатар аудандарда «Островский» совхозындағы өнеркәсіптік негіздегі мал бордақылау кешені сияқты цехтар өмірге жаппай көптеп келе бастады.

Осы жолы Б.Әшімов шалғайдағы совхозда салынып, жұмыс істеп жатқан өнеркәсіптік негіздегі мал бордақылау кешенінің жұмыс тәсіліне риза болып директорға:

- Торсан Салықұлы, қандай өтінішің бар? Сен үлкен жаңалық жасадың! - деді.

Торсан Салықұлы Байкен Әшімұлының жүзіне ойлана көз тастап тұрып:

- Совхозымызда типтік орта мектеп үйі жоқ. Соған көмектессеңіз, - деді.

- Жарайды, көмектесеміз! - деді Үкімет басшысы.

Сөйтіп, 1976 жылы совхоз орталығында екі қабатты 324 балалық зәулім мектеп үйі салынып, пайдалануға берілді. Сол жолы торактор-егіс бригадасының бригадирі Николай Юрков:

- Құрметті басшылар! Біз совхозымыздың директоры Торсан Нұрмұхамбедовке ризамыз! Ауылда үлкен жаңалықтар жасады. Су құбырын тартты, көшелерге киыршық тас төсетті, Қазақстан бойынша өнеркәсіптік негіздегі алғашқы мал бордақылау цехын салды, енді міне, орта мектеп үйін салуды қамтамасыз етті. Осындай азаматты Социалистік Еңбек Ері атағына ұсынса қалай болады?

Әрине оның сөзін алға адымдап кеткен Б.Әшімов толық естіген жоқ. Бірақ С.Құсайыновтың құлағы анық шалды. Ол мұндай ұсыныс болады деп күтпеген еді. Жүзі сұрланып кетті.

«Островский» совхозының даңқы бұл кезде жер жарып тұрды. Обкомның бірінші хатшысы С.Құсайынов Торсан Салықұлын Қима аудандық ауыл шаруашылығы басқармасына бастық болып баруға көндірді. «Совхозда директор болып қалса, түбі жұрт оны әлгі атаққа ұсынып жіберуі мүмкін ғой», - деп қауіптенді.

Қима ауданы ауыл шаруашылық басқармасында 4 жылға тақау қызмет еткен Торсан Салықұлын Торғай облыстық партия комитетінің жаңа бірінші хатшысы Е.Н.Әуелбеков Арқалық аудандық атқару комитетінің төрағалығына жіберді. Бұл - 1981 жыл болатын. Ол сол жылы Арқалық ауданында көптеген шаруалар тындырды.

Е.Н.Әуелбеков Торсан Салықұлын 1982 жылдың 6 сәуірі күні Аманкелді аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына ұсынды. Делегаттар оны бірауыздан сайлады. Ол бұл ауданда 4 жыл бірінші басшы болды. Осы жылдарда ауданда арғы беттегі жеті совхозға баратын үлкен көпір салынды. Халық оны бүгінде «Торсанкөпір» деп атап кетті. Ол туралы Қазақстан Композиторлар Одағының мүшесі Қалибек Деріпсалдин мен көрнекті ақын Серікбай Оспанов «Торсанкөпір» атты ән шығарды. Ол әнді бүгінде Торғай өңірі ризалықпен шырайды. Торсан аға сол жылдары «Қайнар» және Жанкелдин атындағы 2 совхоз ашты.

Екінші жетістігі - көп жылдардан бері орындалмай келе жатқан төл алу жоспары алғаш осы Торсан Салықұлының кезінде орындалды. Аудан республикалық социалистік жарыстың жеңімпазы атанды.

Өңір мал өсірушілерінің слеті дәстүрлі өтіп тұрды. Алғашқы жылы ол аудандағы барлық мал өсірушілерге бір-бір қара тон сыйлатты. Сол кез үшін - бұл да елеулі оқиға болды. Аудан мал өсірушілері бұл қамқорлыққа іспен жауап берді. Бұрынғы бірінші хатшының кезінде аудандағы қой саны - 300 000, жылқы - 9 000, ірі қара - 11 000 болса, Торсан Салықұлы қабылдап алғаннан кейін қой - 450 000, жылқы - 13 000-ға, ірі қара - 15 000-ға жетті.

Істеген ісі бағаланып, 1982 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. Егер Е.Әуелбеков болғанда тағы да марапаттарға ие болатын еді. Бұл кезде ол Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып ауысып кетті.

Жақында Аманкелді ауданы басшылығы Торсан Салықұлының батыр атындағы өлкені өркендетудегі еселі еңбегін ескеріп, оған 80 жасқа толуы қарсаңында «Аманкелді ауданының Құрметті Азаматы» атағын берді. Бұл - кезінде қызмет еткен жерінің бәрін гүлдендіріп, 5 совхозда директор болып, халықтан зор алғыс алған оның адал еңбегіне көрсетілген құрмет!

Торсан Салықұлының қызметте абыройға бөленуіне - сүйікті жары Үміт Мұсабаеваның көмегі көп болды. 20 жыл орта мектептерде директор болған апай өте қарапайым, іскер кісі еді. Үйдің де, түздің де шаруасын бірдей дөңгелетті. Ұстаздық еңбегі бағаланып, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі атағын иеленді. Үш қыз, бір ұлды еңбеккер етіп, тәрбиелеп шығарды. Оларды жастайынан отбасындағы шаруаларды істеуге үйретті. Нәтижесінде балаларының бәрі өмірден орындарын алды.

Балаларының үлкені Гүлнара - 1962 жылы «Өрнекте» туған, Алматыдағы Халық шаруашылығы институтының экономика факультетін экономист-бухгалтер мамандығы бойынша тәмамдады. Бір ұл, бір қыз тәрбиелеп отыр. Ұлы Әлішер Алматы қаласындағы КИМЭП-ты үздік бітіріп, «Болашақ»

бағдарламасы бойынша Англиядан магистратураны тәмамдап келіп, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорында мамандығы бойынша жұмыс істеп жүр. Ал, қызы Анара - Заң университетін бітірген, қазір Астана қаласында заңгер болып қызмет атқарады.

Екінші қыздары Сәуле - 1964 жылы Қарасу ауданы «Май» совхозында туған. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің биология факультетін бітірген, одан соң осы университеттің аспирантурасын тәмамдап, биология ғылымдарының кандидаты атағын Мәскеуде қорғап алды. Бүгінде ғылым докторы.

Одан кейінгі қыздары Роза - 1966 жылы осы «Май» совхозында өмірге келген. Арқалық қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы АрМПИ-ның химия және биология факультетін, одан соң Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің аспирантурасын тәмамдап, ол да ғылым кандидаты атағын Екатеринбургте қорғап алды. Бүгінде Астана қаласындағы С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-нде дәріс оқиды.

Ал, сағынып көрген кенжелері Ғауез - 1968 жылы 11 шілдеде сол «Май» совхозында дүние есігін ашты. Бірақ, оның балалық шағы Торғай топырағында өтті. 1985 жылы орта мектепті бітіріп, сол жылы ауыл шаруашылығы институтына оқуға түсіп, оны 1992 жылы ғалым-агроном мамандығы бойынша бітіріп шықты. Еңбек жолын 1992 жылы бұрынғы Торғай облысына қарасты Октябрь ауданындағы «Вильямс» совхозында бас агроном болып бастады. 1994 жылы Қостанай облысы, Қостанай ауданына қарасты «Москва» совхозының бас агрономдығына ауыстырылды.

1996 жылы қазіргі Қарабалық ауданындағы «Бозкөл» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативіне директор болды, бір жылдан соң яғни, 1997 жылы 28 жасында Таран ауданының әкімі болып тағайындалып, осы қызметті бес жыл атқарды. Оның аудан әкімі болып тағайындалуына Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өзі қамқор болды. Ғауез 2002 жылдан бастап, 2008 жылға дейін Қарабалық ауданының әкімі болып қызмет істеді.

Одан кейін облыс орталығы Қостанай қаласының өзінде 2 рет және Әуликөл ауданында әкім болып қызмет атқарды.

Осыдан соң 2014-2015 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік бақылау және аумақтық-ұйымдастыру жұмысы бөлімінде мемлекеттік инспектор болып жұмыс жасады. 2015 жылдан қазіргі уақытқа дейін Қостанай облысы әкімінің бірінші орынбасары болып, абыройлы қызмет атқарып келеді.

Ғауез Торсанұлы әкім болып қызмет атқарған аудандарда көптеген жақсы істердің бастамашысы болды. Халқымызға еңбегі сіңген ата және аға ұрпақтың өкілдеріне лайықты құрмет көрсете білді. Сондай-ақ, бірқатар сәнді ғимараттардың салынуын қамтамасыз етті. Облыс орталығы Қостанай қаласында да, оның жасаған игі істері мол. Осылардың ішінде ерекше атап өтуге лайықтысы - 2005 жылы Қарабалық ауданының орталығы Бөрлі кентінде қазақтың тұңғыш кәсіби журналистерінің бірі, «Айқап» журналы мен «Ауыл» газетінің алғашқы редакторы Мұхамеджан Сералинге тамаша ескерткіш орнатуы болды! Бұған қуанабаған жан болмады.

Бүгінде сол ескерткіш аудан төрінде халқына қарап, жөн сілтеп тұрғандай!

Ғауез Торсанұлы - облыс әкімінің ең ауыр ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп салалары бойынша бірінші орынбасары.

Ұл-қыздарының осы қалыптарын әке-шешесі көңілдеріне тоқ санайды.

Торсан ағаның өзі де, әкесі Салық та, атасы Нұрмұхамбет те жалғыз тамырланып келіп еді, Ғауезінен үш ұл, бір қыз дүниеге келген соң көңілі бір жайланып қалды.

Атасы Торсан да, енесі Үміт те келіндері Гүлнараны ұлдары Ғауезбен бірдей көреді. Ол орта мектепті қазақша бітірген, университетті қазақ филологиясы факультеті бойынша тәмамдап, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын алып шыққан. Қазіргі күні Қостанай қаласындағы бір мектепте жоғары сынып оқушыларына қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ береді. Бұрын Ғауез қай жерде қызмет істесе, Гүлнар сол жердегі мектепте мұғалім болып қызмет жасады. Жақсы ұстаз балаларды қазақ тілі мен әдебиетін терең меңгеруге баулиды. Үйде отбасының - берекесі мен мерекесі.

3

Торсан Салықұлы мен Үміт Мұсабайқызы бақытты жандар. Бүгінде Қостанай қаласында тұрып жатыр. Олар үшін өмірге келген жерлері мен еңбек еткен жерлері қашан да алабөтен ыстық. Әсіресе, Торсан аға үшін! Кейде осы қос өлке көз алдына қатар келетіні бар...

Тобыл-Торғай!

Сарыарқаның бірі теріскейінен, бірі күнгейінен аққан - қасиетті қос дария! Екеуі де - Торсан Салықұлының жүрегінің төрінде қатар тұр! Бірінің жағасында інгілеп, өмірге келіп, алғашқы 30 жылы өтсе, екіншісінің жағасында биліктің биігінде ел баққан, көпке жаққан, ұлтының қадірін терең ұққан 30 жылы өтті. Балалардың төртеуі де Тобыл жағасында өмірге келгендерімен, әке-шешелерінің Торғайда өткен 30 жылы кезінде ес біліп, ер жетті.

Батыс қазақтарының Еділ - Жайық дегені сияқты Тобыл-Торғай да үндесіп тұр! Жұрт, әсіресе, әзіл-қалжыңы жарасқан құрдастары ағаны «Тобыл-Торғай Торсаны»деп атап кеткелі қашан?! Халық айтса қалып айтқан ба ?!

Қашан бұл жалғаннан Алланың аманатын тапсырғанша Тобыл-Торғай - бірі әкесіндей, бірі анасындай көз алдында қатар тұрар... Қанша жақсы адамдармен қызметтес болды, қанша ма, жасқа қамқорлығын жасады?! Қазақ, орыс, украин, татар... демеді, бәрімен тату-тәтті өмір сүрді. Ешқайсысының кеудесінен кері итермеді, бауырына тартты, үміт артты, сыйлай білді, сыйласа білді! Әлі де солай көп ұлтты Отанының барша халқының тілегін тілейді. Туған ұлтының ертеңіне шүбәсіз сенеді.

Хамитбек МҰСАБАЕВ

Суреттерде: Торсан Салықұлы Қазақстан басшысы Д.Қонаевпен, облыс басшысы Е.Әуелбековпен бірге егістік алқабын аралағанда.

ТОРСАНКӨПІР

Сөзі: Серікбай Оспанұлынікі
Әні: Қалибек Деріпсалдиндікі

Осы әнімізді ел ағасы, кезінде Қостанай, Торғай, Көкшетау облыстарында басшылық қызметтерде болып, совхоз, аудан басқарған Торсан Салықұлы Нұрмұхамбедов ағамызға арнаймыз.

Авторлар

Көріп тұрсын өзеннің сан-саласын,
Сонадайдан көрініп жар саласын.
Батпаққара жерінде «Торсанкөпір»,
Шығарып сап сен мені қарсы аласың.

Қайырмасы:

Жағанда жасыл тал-қайың,
Жусанды белің қияқты.
Көкорай шалғын баурайың,
Жас шағым менің сияқты.

Талай айттым, ән етіп өлеңімді,
Алыстарға жеткіздім өнерімді.
Батпаққара жерінде «Торсанкөпір»,
Бақытқа тек басташы сен елімді.

Қайырмасы:

Қалды-ау артта бақ түндер, сайран күндер,
Қарсы алатын қырларымен қайран гүлдер.
Сағындырып жүр енді самалды күн,
Баурайында дастархан жайған күндер.

Қайырмасы:



«СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ЕЛ - ГҮЛДЕГЕН ЕЛ» ТАҚЫРЫБЫНА ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ



Осы жылдың 5 тамызында ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаменті «Нұр Отан» партиясының Қостанай қалалық филиалымен бірлесіп,

«БК-строй» ЖШС «Сыбайлас жемқорлықсыз ел-гүлдеген ел»

тақырыбына дөңгелек үстел ұйымдастырды.

Іс-шара аясында департаменттің бас маманы Диас Ахметжанов «100 Нақты қадам» Ұлт жоспары, «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы» механизмдерінің жүзеге асуы туралы кездесу қатысушыларын хабардар етті.

Тыңдалған ақпарат тыңдаушылар арасында қызығушылық танытты және осындай іс-шараларды тұрақты негізде өткізуге ниеттерін білдірді.

Е.С.БЕДЫЧ,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу басқармасының жетекші маманы

ОБЛЫСТЫҚ ЗЕРТХАНА ҚЫЗМЕТШІЛЕРМЕН КЕЗДЕСУ

2016 жылдың 4 тамызында ҚР АШМ АӨК МИК Қостанай облыстық зертханасында ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаменті басшысының м.а. Ә.М. Досекенов қатысуымен кездесу ұйымдастырылды. Семинар аясында Ә.М. Досекенов мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамалары нормаларын түсіндірді.

«Қазіргі уақытта іс-әрекеттері үшін қатаң жазалау қағидаты қамтамасыз ету мақсатында пара



алу үстінде ұстау жағдайлары бұқараға жарияланады» - Ә.М. Досекенов атап өтті.

Сонымен қатар, қатысушылар Департаменттің негізгі қызметіне қызығушылық танытты, мемлекет тарапынан жүргізілетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты жөнінде сұрақтар қойды.

О.МҰСТАФИНА,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу басқармасының бас маманы

«ПУЛЬС» РАДИО БАҒДАРЛАМАСЫНДА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ»

2016 жылдың 5 тамызында «Алау» облыстық радиосындағы «Пuls» бағдарламасында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің бас мамандары О.В. Мұстафина және А.Т. Нұрғазина қатысты қатысты.

Бағдарлама барысында мемлекеттік қызметшілер сыбай-

лас жемқорлыққа қарсы күрес, мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормалары мен ережелері туралы тыңдаушыларға департаментпен атқарылған шараларын түсіндірді.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілер осы шараны ұйымдастыруда алғысын білдіріп, қоғам арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті

қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдардың рөл ерекше екендігін атап өтті.

Д.АХМЕТЖАНОВ,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу басқармасының бас маманы

«ВОСПИТАНИИ ДЕТСКОГО ОЗДОРОВИТЕЛЬНОГО ЛАГЕРЯ ПРОТИВ КОРРУПЦИИ»



8 августа т.г. исполняющий обязанности руководителя Департамента Министерства по делам государственной службы Республики Казахстан по Костанайской области Досекенов А.М. в целях формирования антикоррупционного мировоззрения среди молодежи встретился с воспитанниками детского оздоровительного лагеря «Мерей».

Участники встречи беседовали о воспитании активной жизненной позиции против коррупции, о ситуациях из жизни. Также, Досекенов А.М. призвал воспитанни-

ков стремиться к получению оценок честным путём, тем самым повышая свой профессиональный уровень, заниматься самообразованием, спортом.

Д.Б.АХМЕТЖАНОВ,

главный специалист управления профилактики коррупции Департамента Министерства по делам государственной службы Республики Казахстан по Костанайской области

«МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ЖӨНІНДЕ КЕҢЕС»

Осы жылдың 5 тамызында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментімен әділет, мемлекеттік мүлік және жекешелендіру, жылжымайтын мүлік орталығы департаменттері өкілдерімен семинар өткізілді.

Кездесу барысында жылжымайтын мүлікті тіркеуде проблемалық мәселелері, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсетуде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері талқыланды.

Семинар қорытындысы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету жүйесін жетілдіру бойынша, оның ішінде жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу ұсыныстары әзірленді.

А.КУЛИКОВА,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызметтер басқармасының басшысы

«ҚАРАСУ АУЫЛЫНДАҒЫ КЕШЕНДІ ТҮСІНІКТЕМЕ ІС-ШАРАЛАРЫ»

Осы жылдың 4 тамызында ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің жетекші маманы Е.С.Бедыч, Қостанай облыстық саламатты өмір салтын қалыптастыру проблемаларын орталығы» ҚМҚК директоры А.Қ. Садвакасова және орталықтың валеологы Р.М. Наукенова ақпараттық топ құрамында жұмыс сапарымен Қарасу ауылына барды. Сапар бағдарламасы аясында азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, мемлекеттік қызметтің оң имиджін нығайту, салауатты өмір салты дағдыларын енгізу, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету сапасы бойынша сұрақтарға бағытталған бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды.

Ленино ауылында жергілікті тұрғындармен оқытушылар белсенді азаматтық ұстанымы және азаматтардың арасында құқық бұзушылық деген «нөлдік төзімділік», сондай-ақ жұқпалы және инфекциялық аурулармен және мінез-құлықтық тәуекел факторларын алдын алу жөніндегі түсіндіру жұмыстарын өткізді.

Сапар соңында Қарасу ауылының орталық аудандық аурухана-сында дәрігерлер, әкімшілік қызметкерлері мен аурухана наукастары қатысуымен «Сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы» пікірталас кездесу ұйымдастырылды.

Е.БЕДЫЧ,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу басқармасының жетекші маманы

«Өмір ағымы» телебағдарламасында конкурстық іріктеу туралы»



2016 жылдың 4 тамызында «Алау» облыстық телеарнасындағы «Өмір ағымы» бағдарламасында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің бас мамандары Г.Ж. Қабылова және А.Т. Нұрғазина қатысты. «Өмір ағымы» телебағдарламасы диалог форматында тікелей эфирде жұмыс істейтін ойын-сауық телебағдарлама.

Бағдарлама барысында мемлекеттік қызметке түсу және өту туралы мәселелері, мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормалары талқыланып толық түсіндіктемелер берілді.

Сонымен қатар, тікелей эфирде мемлекеттік қызметшілер көрермендер сұрақтарына жауап берді.

Департамент қызметкерлері айтуынша, бүгінде мақсатты топтары үшін арнайы оқыту бағдарламалары арқылы білім беруді іске асыру, жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылды нығайту маңызы зор болып табылады.

О.МҰСТАФИНА,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қостанай облысы бойынша департаментінің сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу басқармасының бас маманы

ПЕТІН НАН ПАРАПУДАҒЫ ИТІ БАСТАМА



Қайырымдылық – адам бойындағы ізгі іске бағыттайтын алтын көпір тәрізді. Қазақ халқы жетімі мен жесірін жылатпаған, жандары жаралы, мүгедек адамдарға көңіл бөліп, көмек беруге дайын тұрған.

Осындай игі іс жасап, ізгі жолда жүрген жандардың бірі Мұбарак Шаяхметов өзінің «Наргиз» наубайханасынан аз қамтылған көп балалы аналар Г.Атығаева, Л.Галиева, Н.Қазиева, О.Бөкебаеваларға тегін нан беруде. Аты аталған аналар белгіленген уақыт кестесі бойынша екі бөлкеден нанды тегін алып жүр. Қазіргі нарықтағы бөлке нанның құны 70 теңге. Күнара екі бөлке нан алып жүрген аз қамтылған отбасыларға әжептеуір көмек екені рас.


- Мен мамыр айынан бастап «Наргиз» наубайханасына басшылық жасап, нан пісіріп жатырмын. Мамандығым технолог, осы саладағы еңбек өтілім - 39 жыл. Қазіргі таңда нан пісірумен қатар тәтті тоқаштар, торт, пирог, кекс, печенье, пицца пісіріп жатырмын. Тегін нанды қолымнан келгенше жақсы пісіруге тырысамын және уақытында беріп отырамын. Нан алған аналар бұл қамқорлыққа дән риза, алғыстарын айтып жатады, - дейді наубайхана меңгерушісі Майя Николаевна Щербакоева.

«Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің» - деген екен дана халық. Қайырымдылық – ең ізгі қасиеттердің бірі. Аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іс жасау - әрбір адамның азаматтық парызы. Бұл игі бастама ауданымыздағы басқа да кәсіпкерлердің құлағына алтын сырға болар деп үміттенеміз.

Қайырымды әрі қамқор болып, ізгі жолда жүре білейік!

Гүлбаршын СМАЙЫЛОВА,
өз тілімші

Суреттерде: Майя Николаевнаның аз қамтылған отбасы иелеріне тегін нанды беріп жатқан сәті; зейнеткер Сайлау Сайдильдинге осы наубайхананың наны ұнайды.



Құттықтаймыз!

МЕРЕЙТОЙ - 70 ЖАС!

Аяулы апамыз, ардақты нағашымыз **Орынкүл ЖҰМАДІЛДӘҚЫЗЫН** өміріндегі жарқын белес - 70 жасқа толуымен шын жүректен құттықтай отырып, оған зор денсаулық, бақытты ұзақ өмір және балалары мен немерелерінің қызық-қуанышын отағасысы Жаңбырбай ағамызбен бірге көріп, бірге жасай беруін тілейміз.



Аңыз боп Үрпегіне кетті ісіңіз,
Басында тұр қалықтап бақ құсыңыз.
Бір Алла жарылқасын әруақытта,
Ореке, құтты болсын - 70-іңіз!

Ұл-қызың алақанда аяласын,
Немере құшағыңды саяласын.
Сарқылмас қуат беріп, жүрегіңе,
Бәрі де жақсылығын аямасын!

Жасаған біздерге де еңбегің мол,
Бақытқа бастайтұғын салдың ғой жол.
Жүре бер күндей күліп, жаздай жайнап,
Әрқашан бәрімізге ақылшы бол!

Құттықтаушылар: апасы Сара, інісі Бексұлтан, келіні Күнжамал, сіңілісі Гүлбаршын, күйеубаласы Хамитбек және жиендері.



ЕСКЕ АЛУ

Балаларына асқар таудай, ардақты әке, жұбайына арқа сүйер азамат бола білген **Серікбай БӘЙСЕКЕНҰЛЫ** тірі болғанда 13 тамыз күні 56 жасқа толып, туған күнін құдай берген бала-шағасымен тойлап отырар еді. Ама қанша әкеміздің ортамызда болуын Алла жазбапты. Қолдан келері орны ойсырап қалған әкеміздің туған күнінде құран бағыштау ғана. Жатқан жері жарық, ауыр топырағы жеңіл болып, алды пейіш, арты кеніш болсын!

Аллатағала иманынан жарылқасын!

Әкешім, шаңыраққа болдың пана,
Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға.
Амал не, жоқсың бүгін ортамызда,
Сағындық әке, Сізді баршамызда!

Өмір өзен ағып жатқан өтпелі
Жылдар болды бұл өмірден өткелі.
Тірі болса 56 жасқа толар ед,
Зейнеткерлік жасына да жетпеді.

Еске алушылар: жесбайы Нұрсұлду, балалары Айдын, Айдос, Нұрсұлтан-Балжан, Абай-Аида, қызы мен күйеубаласы Айгерім - Ержан, жиендері Әділ, Динара.



ХАБАРЛАНДЫРУ

ЖШС «КТ «Аманкелді-финанс» мекемесінде құрылтайшылар құрамының өзгеруіне байланысты 2016 жылдың тамыз айының 16 жұлдызында құрылтайшылар жалпы жиналысы болады.

АСҚА ШАҚЫРУ

2016 жылдың 20 тамызы күні сағат 12-00-де «Ақниет» тойханасында ардақты әкеміз **Жұқатай ДОСАНОВ** пен аяулы анамыз **Інжухан ҚУАНЫШБАЕВА**А құран оқытып, ас береміз. Асқа ата-анамыздың көзін көрген замандастарын және тума-туыс, дос-жарандарды шақырамыз.

БАЛАЛАРЫ.

ҮЙ САТАМЫН

Еврожөндеу жүргізілген, су құбыры кіріп тұр. Сарай, гараж бар, ауласы кең. Бағасы 4 800 000 теңге. Мекен-жайы Аманкелді селосы. Телефон: 8-775-466-49-81

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

2012-2013 оқу жылында Б.Қолдасбаев атындағы орта мектепті бітірген Дүйсенғали Нарғыз Әділханқызына (01.05.1996 ж.т.) берілген ЖОБ № 0677135 аттестат жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛСЫН

19 қазан 1998 жылы туған Серіков Сырым Мирашұлына 23.10.2014 жылы берілген № 37596708 жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.



КӨМЕККЕ ЗӘРУ ОТБАСЫ БАЛАЛАРЫНА АЗДЫ-КӨПТІ ҚОЛ ҮШІН БЕРУ - ӘРБІР АДАМНЫҢ БОРЫШЫ

тепке келмей қалудың алдын-алу - акцияның ең басты мақсаты болып табылады.

Мектеп жасындағы барлық балалар 1 қыркүйекте мектеп парталарына отырулары тиіс.

Біздің ауылымызда да биылғы оқу жылында акция «Мектепке жол» атты үндеуімен өтуде. Республикалық «Мектепке жол» акциясының өтуіне байланысты ақпараттық стенд ұйымдастырылып, мектеп әкімшілігінен шаруа қожалығы иелеріне, жеке кәсіпкерлерге хаттар жолданды. Бұл іске ұстаздарымыз да қайырымдылық - қасиетті іс

болғандықтан әркім өз жүрек қалауы бойынша қолынан келген көмектерін көрсетуде.

«Жылуы жоқ үйден без, қайырымы жоқ биден без» дегендей, қайырымдылық, адамгершілікті биік ұстап, кісілікті ту етіп, көкірегі қаяулы, жаны жаралы жанның жасын сүртіп, жылы лебізін аямай, қолдан келген жәрдемдеріңізді ұсынып, достық пейілдеріңізді танытсаңыздар үлкен қуаныш болар еді!

Айсылу РАХМЕТОВА,
Жаңа ауыл орта мектебінің
әлеуметтік педагогы.

«АКАДЕМИК - ПРЕЗИДЕНТ ҚАБИ ЖАРМАҒАНБЕТОВ»

1

...Кезінде Аманкелді аудандық партия комитетінде ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарған ел ағасы Мұхиден Исмағұлов құрдасы әрі ұстаздық және қызметтік жағынан әріптесі Қаби Жармағанбетов ағайды қатты құрметтеп, әзілдесіп жүретін. Біраз әңгімесінің арқауы Қаби аға болатын. Екеуі аудандық партия комитетінде де бірге қызмет жасады.

1963 жылы Аманкелдіде Қостанай ауыл шаруашылығы техникумының филиалы ашылатын болды. Бұл хабар жұртшылықты бірден елең еткізді. Себебі ол кезде ауданда кәсіби ауылшаруашылығы мамандары аз болатын. Халық білімге енді-енді бет бұрған кез еді. «Техникумның филиалы ашылады» деген хабар тарасымен адамдар осы оқу орнының тізгінін ұстауға қарекет жасай бастады. Алайда, Қаби ағайды жақсы білетін және өзі де білімді, парасатты, бірайтар Мұхиден Исмағұлов филиалдың меңгерушілігіне Қаби Жармағанбетұлының кандидатурасын ұсынды. Әрине, қарсылық білдіргендер болмай қалған жоқ. Алайда, принципшіл Мұхқа әрі досы, әрі құрдасы Қабекеннің кандидатурасын жан салып қорғады. Ақыры, оны филиалдың меңгерушілігіне өткізді.

Ал Қаби аға болса, аупартком өзіне сеніп тапсырған жаңа қызметті жоғары деңгейде ұйымдастыруға жанын салды. Аудандағы өзінен үлкен азаматтар мен жастарды техникум филиалына оқуға шақырды. Ондағы мақсаты - аудан азаматтарының осы техникум филиалында оқып, білім алуы болды. Оқу процесін ойдағыдай жүргізді.

Адамға абырой-атақ кейде табан астында келеді ғой. Дуалыауыз Мұхиден Исмағұлов бірде Қабекенге қалжыңдап:

- Бұл Қабидің техникумы емес - академиясы! Сондықтан филиалды бұдан былай «Қабидің академиясы» деп атайық. Ал академияны академик-президент басқарады ғой. Біздің Қаби бұл қызметті абыройлы атқарады. Себебі ол қазақшаға да, орысшаға да жетік, мінезге бай азамат, - дейді.

Содан оның қасында болған азаматтар филиалды «Қабидің академиясы» деп атап кетеді. Сол атау әлі күнге маңызын жойған жоқ.


Қаби аға ауыл шаруашылығы техникумының филиалына өзінен жасы үлкен Әміржан Әбдірахманов, Әбсалық Нұржанов секілді үлкендермен қатар өз құрдастарын және бір топ жастарды қоярда-қоймай оқуға қабылдайды.

Сөйтіп, осы филиалды бітірген Аманкелдінің көптеген азаматтары кейін ауданымызда совхоздарда директор, партия ұйымдарында хатшы, кәсіподақ комитеттерінде төраға, селолық атқару комитеттерінде де басшы болып, қызметтер істеді. Атап айтсақ жоғарыда аттары аталған Әміржан, Әбсалық ағаларымыз көп жылдар Қазақстанның 40 жылдығы атындағы, «Коммунизм жолы», «Родник» совхоздарында директор болып қызмет етті. Осы топқа Қайыржан Ахметов, Мұхтар Ходенов, Ерназар Мақанов, Кенжеғұл Бекенов және басқа да азаматтарды қосуға болады.

«Қаби ағаның академиясын» бітірген тағы бір топ жас азаматтар аудандық мекемелерді басқарды. Солардың бірі - аудандық «АА» газетінің редакторы болған Еренғайып Әбдіхалықұлы ағамыз еді. Ол кісі де Қаби аға туралы үнемі жылы лебіздер білдіретін.

- Бұл кісі өзі шағын болғанмен, ісі таудай азамат! Мінезге бай, білімді болды. Техникумға қабылданған студенттерді, яғни жастары әрқалай біздерді кеудемізден итермей, керісінше бауырына тартты. Бәрімізді өзінің шағын құшағына сыйғызып жіберді. Өз басым Қаби ағадан көп өнеге алдым. Ол кісі біріншіден, өте адал, бір сөзді адам еді.

Екіншіден, өтірікті жек көретін. Қылтың-сылтыңды ұнатпайтын.



Үшіншіден, жоғарыда айтқанымдай өте білімді еді.

Төртіншіден, қандай қиын сәттерде де ашу шақырып, кісіге ауыр сөз айтпайтын. Сондықтан болар біз Қаби ағамызды үнемі төңіректеп жүрдік. Мұхиден ағамыздың «Қабидің академиясы» деген сөз тіркесі кейін Қабекеннің мерейін асырып жіберді. Шынында Мұхқа айтқандай осы Қостанай техникумының филиалы біздің Аманкелді ауданының көп азаматтарының бағын ашты. Ол кезде совхоз директорына ауыл шаруашылығы техникумын, не институтын бітірмесе, бекітпейтін. Сондықтан болар көп ағаларымыз осы техникумға оқуға түсті. Мен де өзімді Қаби ағаның шәкірттерінің бірі санаймын. Өтсе, ол кісі өмірден ертерек өтіп кетті. Марқұмның азаматтығы мен адамгершілігі, кісілігі қандай мақтауға да тұрарлық еді, - дейтін Еренғайып ағамыз.

2

Қаби Жармағанбетұлы - 1929 жылы қазіргі Науырзым ауданындағы Қайғы ауылында Жармағанбет Мыңқожаұлының отбасында дүниеге келіп, сондағы жетіжылдық мектепті бітіріп, одан Алматы қаласындағы әйгілі №12 орта мектепте білімін жалғастырады. Ол сол мектепте қазақтың дүлдүл ақыны Иса Байзақовтың ұлы Ертіс Байзақовпен бір сыныпта, бір партада оқиды. Екеуінің достығы өмірлерінің соңына дейін жалғасады. Бірі Алматыда, бірі Торғайда жүрсе де үнемі хабарласып, араласып жүреді.

Қаби аға Қостанай қаласындағы Аманкелді Иманов атындағы мемлекеттік оқытушылар институтына оқуға түсіп, оны жаратылыстану және география мамандығы бойынша 1949 жылы бітіріп шығады. Одан соң Орал қаласындағы пединститутқа оқуға түсіп, жақсы бітіріп келіп, Аманкелді орта мектебінде мұғалім болып қызмет атқарады. Кейбіреулер «Екі бірдей пединститутты оқығаны несі?» - деуі мүмкін. Себебі, Қостанайдағы оқытушылар институты 2 жылдық болатын, ал Орал пединституты боса-болмаса 4 жылдық оқу орны еді. Сондықтан да, Қаби Жармағанбетұлы білімін одан әрі жетілдіру үшін аталмыш институтқа түсті.

АСҚА ШАҚЫРАМЫЗ

Аяулы әке-шешеміз **Қаби ЖАРМАҒАНБЕТҰЛЫ** мен **Мәруза ҚҰЛАХМЕТ-ҚЫЗЫНЫҢ** асына туыс-туғандарды, достарын, шәкірттерін, ілік-жіліктерді және өзіміздің жолдас-жораларымызды шақырамыз. Ас **2016 жылдың 27 тамызы күні «Ақниет» тойханасында сағат 13-те** беріледі.

Асқа дейін балуандар күресі сағат 10-12.30 аралығында және сағат 16-да 24 шақырымдық Аламан бәйге өтеді. Бәйгеге қазақы жүйріктер ғана қатыстырылады. Шетелдік тұлпарлар қатыстырылмайды. Жеңімпаз балуанға және бәйгеден келген жүйрікке автомашиналар беріледі.

Құрметпен - Жармағанбетовтер әулеті.



Жоғары оқу орнын Аманкелді ауданы бойынша алғашқылардың бірі болып бітіріп, білікті ұстаз атанған Қабекенді аудан басшылығы 1959 жылы аудандық партия комитетіне нұсқаушылық қызметке қабылдайды.

Ал 1960 жылы әйгілі Торғай тыңы көтеріліп, бұрынғы колхоздардың орнына бірінғай жаңа совхоздар құрылған дүбірлі кезде аупартком Қаби Жармағанбетұлын Бүйректал астық совхозына жұмысшылар комитетін басқаруға жібереді. Ол өзіне жүктелген осы міндетті жан-тәнімен беріле атқарып, совхоз жұмысшыларының және жалпы халықтың алғысына бөленеді. Бүйректалдық көзікөргендер:

- Қаби ағаның несін айтасыз, өте әділ, адал адам еді ғой. Осы қасиеттерімен біздің совхоздың халқының құрметіне бөленді. Өте принципшіл, бір сөзді, бір қалыпты басшы болды. Жаны сұлу ондай адамдар қай кезде де сирек қой! - дейді.

3

Тамаша ұстаз, айтулы басшы Қаби Жармағанбетұлы отбасында жаны жайсаң отағасы болды. Ол 26 жасында 1955 жылы Мәруза (лақап аты Мәркен) Құлахметқызымен көңіл қосып, отау тікті. Зайыбы Мәруза да жаны-тәні көркем, аналық қасиеті жоғары кісі еді. 1956 жылы алғашқы сәбилері Тана дүниеге келді. Ол сүйікті әкесінің жолын қуып, мұғалім болып қызмет жасап, зейнеткерлікке шықты. Зейнеткерлікке шықса да қол қусырып, қарап отырмай, кәсіпкерлікпен айналысу да. Тана биыл 60 жасқа толды.

Ал 1958 жылы туған екінші қыздары Әлия орта мектепті бітірген соң ауыл шаруашылығы институтына оқуға түсіп, экономист мамандығын алып шығып, осы салада жемісті қызмет жасап, ол да зейнеткерлікке шығып, ардагер атанды.

Ал Қаби аға мен Мәруза апайдың үшінші қыздары Софияхан 1959 жылы әкесінің тура 30 жасында дүниеге келді. Ол да мектепті жақсы оқып, оны бітірген соң Қарағанды мемлекеттік медицина институтының санитарлық факультетіне оқуға түсіп, санитарлық-дәрігер мамандығын алып шығып, өзі туып-өскен Аманкелді ауданына оралып, аудандық санитарлық-эпидемиологиялық станция-

да дәрігер-бактериолог болып жұмысқа орналасты. Адал қызмет жасады. Ұжымында беделге ие болды. Әкесі Қаби ағамыз секілді мінезге бай, инабатты, иман жүзді Софияханның еңбегі еленіп, 2003 жылдан бастап аталмыш мекемені абыроймен басқарып келеді. Оның мекеме басшысы болғанына 13 жылдан 14 жылға аяқ басты. Софияхан да отбасында адал жар, аяулы ана. Балаларының бәрі жоғары білімді.

Қаби аға мен Мәркен апай Софияханды «Біздің майқұйрығымыз» деп отыратын. Себебі, осы Софияханнан кейін әке шаңырағын ұстайтын ер балалар дүниеге бірінен соң бірі келе бастады. Олардың ең үлкені Исмаг - заңгер. Университеттің заң факультетін бітірген. Ал екінші ұл Ғабит болса - атакты дәрігер. Медицина ғылымдарының докторы. Келесі ұл Сәбит - ауданымызда аймақтық комитетті басқарды. Одан Арқалық қалалық аймақтық комитетті басқарып отыр. Сыпайы, білімді, парасатты азамат. Әкесі Қаби аға сияқты іске тиянақты, көп сөзден гөрі істі ұнатады. Жолдас-жораларының арасында сыйлы.

Ал одан кейінгі Аманжол болса, Қазақстан теміржолында бір мекемені басқарып жүр. Ұлдың кенжесі - Мұхаммед ағасы Исмаг сияқты білікті заңгер. Өз саласында жемісті қызмет жасауда.

Қабекен мен Мәркен апамыздың 1970 жылы дүниеге келген кенжелері Райгүл аудан орталығында мамандығы бойынша жұмыс жасауда. Жекеменшік дәріханасы бар. Аудан халқына адал қызмет жасап, алғысқа бөленуде.

Өкініштісі, аудан халқына ерекше қызмет жасаған, Аманкелді елінің азаматтарына арнайы кәсіби білім беріп, олардың әр салада қызмет жасауына жол ашқан, еңбегі ерен Қаби аға 50 жасында мезгілсіз жолыққан науқастан дүние салды. Осы қысқалау ғұмырында батыр атындағы аудан халқының үлкен алғыс, құрметіне бөленді. Бүгінде есімі аңызға айналған аяулы ағалардың қатарында.

Алматыда, ҚазМУ-де оқып жүргенде радиохабарларын таратудан дәріс беретін Ертіс Исаұлы Байзақов ағамыз бізден:

- Ей жігіттер, менің досым Қабидің хал-жағдайы қалай? Ол Алматыда қалып, Университетке түсіп, оқығанда ғалым болатын еді. Бірақ, еліне барып, қызмет жасағанды қалады. Мен өзіне талай рет айттым: «Қаби, сен ғалым болатын адамсың. Сондықтан, мен саған көмектесемін. Университетте оқы» дедім.

Бірақ ол: «Жоқ, мен еліме қызмет етемін. Біздің ауданның жастары әлі күнге институт, техникумдарға сирек барады. Соларға жол көрсетуім керек» деуші еді. Сол арманы орындалды деп ойлаймын» - деген еді Ертіс аға.

Ия, Қаби аға өзінің алға қойған мақсатына жетті. Ол өз балаларына да және ауданның балаларымен қоса жасы үлкен азаматтарына да мол білім берді. Аудан бойынша бірде-бір ұстаз шәкірттерін дәл мұндай техникумда оқытып, өз қолымен диплом берген жоқ.

Әрине, бүгінде оның «академиясы» жоқ. Бірақ, сол академияда оқыған ағаларымыздың қатары сирек те болса бар. Олар да Қабекенді еске алар...

Ағаның адал қызмет етуіне зайыбы Мәркен апамыздың қосқан үлесі ерекше. Ұзақ жылдар бойы дүкенші болып қызмет жасады. Ол кісі де ағамыз секілді өз ісінің шебері болды. Аға дүниеден өткен соң 9 баласын ер жеткізді. Үйелмелі-сүйелмелі балаларын жалғыз өзі қатарға қосты. Бәрін де институттар мен университеттерге түсіріп, жоғары білім алып берді. Бүгінде ұрпақтары тәрбиелі, өнегелі, елге сыйлы.

Әрине, бұл - аяулы да ардақты Қаби аға мен Мәркен апайдың тәрбиесі мен өнегесінің жемісі.

Қ.ҚУАНДЫҚҰЛЫ

Суретте: Қаби аға мен Мәркен апа.

АМАНКЕЛДІ АРАЙЫ

Бас редакторы - **Х.Қ.МҰСАБАЕВ**

Меншік иесі: «Аманкелді арайы» газеті редакциясы ЖК. Газет 2016 жылдың 15 ақпаны күні Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі мемлекеттік кірістер комитетінде тіркеуден өткізіліп, серия 3920 №0000415 куәлігі берілді. Редакция оқырман хаттарына, жарнама мен хабарландырудың мәтініне жауап бермейді, оларды қайтармайды. Газетте жарияланған автор пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Аптасына 1 - рет шығады. Көлемі екі баспа табак. Таралымы - 1800 дана. Тапсырыс - 1648

Тарихи анықтама: газет 1935 жылдың 15 маусымынан бастап шығады. Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.

«Аманкелді арайында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өзгертіп, сілтемесіз басуға болмайды.

Мекен-жайымыз: Аманкелді селосы, Б.Майлин көшесі 14, 2 - қабат, 201 - 202 бөлмелер. Телефондар: (8714-40) 2-38-10. 2-10-57

Газет Қостанай қаласы, С.Мәуленов көшесі №16, «Қостанай-полиграфия» ЖШС баспаханасында басылды.